КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 қаңтар №іс 1513-24-00-2/3653 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Ж.Биманованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.С.Әбдуәлиева отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігінің Есет батыр Көкіұлы атындағы 20982 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай–Мекеме)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Nurila» Куралай Апсаматовна Шонабаева (әрі қарай–өнім беруші)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
Тараптар қатысқан жоқ

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 12 қыркүйекте Мекеме (тапсырыс беруші) мен – ЖК «Nurila» К.А.Шонабаеваның (өнім беруші) арасында мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №229 мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалған, 2024 жылғы 13 қыркүйекте қазынашылық департаментінде тіркелді. Шарт сомасы 1 478 000 теңгені құрайды.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 14.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, судья Биманова Ж. Ж., 15.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес Өнім беруші 200 дана далалық офицерлық сөмкелерді қазынашылық органдарында шарт тіркелген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде ішінде жеткізуді міндетіне алған.

Өнім беруші міндеттемелерін орындамаған.

2024 жылғы 8 қарашада Шарт бір жақты бұзылды.

2024 жылғы 11 қарашада жауапкер шартты уақтылы, тиісті дәрежеде орындамауына орай, талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Талап қоюшының өкілі азаматтық істі оның қатысуынсыз қарап, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікір жіберіп, онда Шартпен көзделген арзан, құны 15 000 теңге бағаға былғарыдан жасалған далалық сөмкені сатып алуға мүмкін емес екенін, себебі ондай сөмкелер кем дегенде 25 000 теңге тұратынын көрсетті. Азаматтық істі оның қатысуынсыз қарау туралы өтініш келтірді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдар әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінің бірі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес жауапкер жеткізуге міндеттелген тауардың сипаттамасы: «Далалық сөмке офицерлық Далалық сөмке былғарыдан жасалған қоңыр түсті клапондық қақпағы бар. Клапонның қақпағы құлыппен және былғары тілшемен жабылады. Сөмкенің ішінде екі қалта, ішкі қайырмалы клапан, целлулоидный жапсырма мен фланельді төсеу болады. Ішкі ашылатын клапонда курвиметрге арналған қалта, резинкалар, өлшегіш, қаламсаптар және компос белдігіне арналған екі шлевка. Артқы қабырғасында екі былғары белдік, жарты дөңгелектердің арасында компастық белдікшеге арналған белдік бекітілген. Иық белдігі екі бөліктен тұрады: ұзын тесіктері бар және қысқа. Белдіктің ұштарында жарты сақина сөмкемен оларды қосу үшін. Ұсақ түйек заттары болатпен никельден жасалған. Сөмкенің мөлшері 22х28 см. (± 0,5 см.). Пайдаланудың кепілдік мерзімі 1 жыл. Шығарылған жылы: тауар жеткізілген жылдан ерте емес».

Шартқа сәйкес жауапкер 2024 жылғы 13 қазанға дейін тауардың жеткізілуін қамтамасыз етуге міндеттелген.

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 14.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, судья Биманова Ж. Ж., 15.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаған.

Жауапкердің тауардың Шарт бойынша бағасы мүлдем арзан деген уәждерін жауапкершілектен босататын негіздер ретінде сот назарға ала алмайды. Себебі, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады (АК-нің 10-бабы).

Мемлекеттік сатып алуға қатысқан кезде жауапкер алдын ала тауардың нарықтық бағасын зерттеп, қатысу керек еді. Жауапкер кәсіпкер болған соң, Шарт жасалғаннан кейін бұндай уәждерді негізге алуын сот негізсіз деп санайды.

Бұл тұрғыда, сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшыдан жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріледі.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Сот отырысында, анықталғандай, шарттың 7.3 тармағында, өнім берушінің тарапынан шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші мерзімі кешіктірілген әр күн үшін өнім беруші міндеттемені орындамаған жағдайда 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіреді делінген.

Жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған себептен тұрақсыздық айыппұлды кешіктірген 24 күнге (1 478 000*0,1%*24 күн=35 472 теңге) өндіру туралы талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 064 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 14.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, судья Биманова Ж. Ж., 15.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігінің Көкіұлы Есет батыр атындағы 20982 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Nurila» Куралай Апсаматовна Шонабаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Nurila» Куралай Апсаматовна Шонабаевадан мемлекет пайдасына 35 472 (отыз бес мың төрт жүз жетпіс екі) теңге тұрақсыздық айыппұл және 2 910 (екі мың тоғыз жүз он) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ж.Ж.Биманова

Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 14.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, судья Биманова Ж. Ж., 15.01.2025

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕ» ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТОРЕ» Сот өндірісі Судопроизводство